апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 43/583
26 октября 2018 года
газета издается с 26.06.2004 года

*Здоровая нация - основа благосостояния*

## ПРЕЗИДЕНТ РК ОБРАТИЛСЯ К УЧАСТНИКАМ ГЛОБАЛЬНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ ПО ПМСП

**В Астане в рамках Глобальной конференции по первичной медико-санитарной помощи (ПМСП) прозвучало видеообращение Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева, адресованное участникам мероприятия, передает корреспондент Kazpravda.kz.**



"Вклад в улучшение здравоохранения во всем мире – важная вещь в глобальном медицинском сообществе. Исторический документ вошел в учебники медвузов многих стран. Подписание в 1978 году Декларации ВОЗ стало ярким примером эффективности международных усилий. В ней были определены базовые принципы развития ПСМП – это санитарное просвещение населения, охрана здоровья матери и ребенка, профилактика заболеваний, включая лекарственное обеспечение. С тех пор здравоохранение всего мира развивалась согласно этим ключевым направлениям. Сегодня человечество стоит перед новыми вызовами. Ухудшение состояния окружающей среды, малоподвижный образ жизни, нездоровое питание привели к увеличению бремени хронических болезней", – заявил Назарбаев.

Елбасы отметил, что особую значимость и актуальность на современном этапе приобретают вопросы финансирования здравоохранения и всеобщего охвата медицинскими услугами.

"Эти темы будут вынесены на обсуждение Генеральной Ассамблеи ООН в 2019 году. Вместе с тем, современные тенденции развития, технологическая революция открывают перед нами новые, уникальные возможности", – заверил Глава государства.

Нурсултан Назарбаев также подчеркнул, что в Казахстане, как и во всем мире, идут процессы цифровой трансформации, в том числе в сфере здравоохранения.

"Обеспечение поддержки здоровья населения – это основа устойчивого развития, роста благосостояния стран. Призываю лидеров всех стран определить этот подход в качестве главного приоритета государственной политики. Принятие новой, Астанинской декларации по первичной медико-санитарной помощи, станет важной вехой на пути совершенствования системы здравоохранения во всем мире. Уверен, этот программный документ будет содействовать повышению качества жизни укреплению здоровья людей во всем мире", – заключил Президент.

**Автор:**
**Жанат Тукпиев**

*Исполняя поручения Президента*

## КАК "НҰР ОТАН" БУДЕТ СЛЕДИТЬ ЗА ИСПОЛНЕНИЕМ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА



**Партия "Нұр Отан" обеспечит систему сбора актуальной информации, касающейся исполнения Послания Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана. Об этом в ходе выступления в дискуссионном клубе NurOtanTrends сообщил первый заместитель Председателя партии "Нұр Отан" Маулен Ашимбаев, передает корреспондент Kazpravda.kz.**

"Это, конечно, очень большая, обширная тема, я тезисно скажу, что мы сегодня прорабатываем механизм создания определенной системы, в рамках которой бы поступала информация со стороны госорганов, НПО, регионов, заинтересованных лиц. Мы обеспечиваем систему сбора информации о том, как реализуется Послание и те положения, которые особенно актуальны в центре и на местах", – сообщил Ашимбаев.

Второй мерой контроля партии будет более тесное сотрудничество депутатов с представителями неправительственных организаций и общественностью.

"Мы планируем активно задействовать депутатов нашей фракции Мажилиса Парламента Казахстана. У нас есть депутаты, которые курируют те или иные направления в рамках предвыборных программ в нашей партии, мы их называем партийными кураторами по определенным направлениям. Они будут активно задействованы, у каждого куратора есть комиссия, мы активизируем деятельность этих комиссий. Будем делать таким образом, чтобы эти комиссии чаще собирались с общественностью, НПО и поднимались те или иные вопросы", – добавил он.

Кроме того, Ашимбаев сказал, что необходимо также активизировать общественный контроль за реализацией Послания.

"Мы считаем, что очень важно сформировать эффективный механизм общественного контроля, чтобы те поручения Главы государства, которые озвучены в Послании, своевременно и качественно исполнялись. Они настроены на такую активную работу, чтобы в случае неисполнения поручений поднимать эти вопросы, ставить вопрос об ответственности этих лиц и тем самым способствовать, чтобы все меры, которые изложены в этом стратегическом документе, были реализованы. Наша партия настроена на внушительную коллективную работу", – заключил заместитель председателя партии.

**Инга Селезнева**

*Реализуя госпрограмму*

## СЕНАТОРЫ ПРЕДЛАГАЮТ РЕАЛИЗОВЫВАТЬ ПРОГРАММУ "НҰРЛЫ ЖЕР" ПО УСЛОВИЯМ "7-20-25"

**Депутат Сената Ольга Перепечина предлагает реализовывать программу жилищного строительства "Нұрлы жер" по условиям ипотечной программы "7-20-25". С соответствующим депутатским запросом она обратилась в адрес Премьер-министра на пленарном заседании Сената, передает корреспондент Kazpravda.kz.**

"Актуальным вопросом является дефицит первичного жилья для приобретения по программе "7-20-25". Учитывая, что в настоящее время в стране работает Государственная программа жилищного строительства "Нұрлы жер", считаем, что жилье, построенное в рамках этой программы, возможно реализовать на условиях программы "7-20-25", повышающей доступность жилищной ипотеки", - сказала сенатор.



Также по ее словам, банкам второго уровня необходимо применять опыт Жилстройсбербанка по оценке кредитоспособности заемщиков.

"Есть сегодня вопросы и к банкам второго уровня. При рассмотрении кредитных заявок все банки применяют различные подходы оценки кредитных историй потенциальных заемщиков, рассматривая разные сроки "кредитных историй" заемщиков. В этой связи, предлагается рекомендовать Национальному банку рассмотреть опыт Жилстройсбербанка по оценке кредитоспособности потенциальных заемщиков и рекомендовать его банкам второго уровня", - отметила Ольга Перепечина.

**Лаура Тусупбекова**

*Dóńgelek ústel*

## LATYN ÁLIPBIINE KÓSHÝDIŃ MAŃYZDYLYǴY JÁNE TIL MÁDENIETI

Qazaq tilin latyn álipbıine kóshirý barysy elimizde áli de talqylanyp jatyr. Elimizdiń ár óńirinde qoǵam belsendileri, ult zıalylary, til mamandary, jastar uıymdary jáne qarapaıym turǵyndarǵa deıin óz oılaryn aıtyp, usynystaryn jetkizýde. Dál osylaı usynystaryn aıtyp, óz oılaryn jetkizý maqsatynda 18 qazan kúni «Balbóbek» bóbekjaıy qyzmetkerlerimen «Latyn álipbıine kóshýdiń mańyzdylyǵy jáne til mádenıeti» taqyrybynda dóńgelek ústel ótti. Dóńgelek ústel barysynda bóbekjaı tárbıeshisi D.M.Hızırova «Latyn álipbıine kóshýdiń mańyzdylyǵy jáne til mádenıeti» taqyrybynda baıandama oqyp, qazaq tili álipbıiniń latyn grafıkasyna kóshýiniń mańyzdylyǵyn atap ótti. Qatysýshylar latyn álipbıine kóshý álemmen birleşe túsýimizge, ınternet tilin jetik ıgerýimizge, eń bastysy – qazaq tilin jańǵyrtýǵa jaǵdaı týǵyzatyny týraly aıtyp, sonymen qatar ulttyq tárbıemizdi, ulttyq naqyshymyzdy saqtaı otyra, zamanaýı talaptarǵa saı bilimdi jáne órkenıetti el bolýymyzǵa yqpaly mol degen pikirmen oılaryn qorytyndylady.

**Prıozersk qalasynyń**
**«Balbóbek» bóbekjaıy**

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚОЛДАУЫ

# ЖАСТАР – ЖОЛДАУ ЖАЙЛЫ



Ағымдағы жылғы қазан айының 17-жұлдызында «Достық» балалар және жасөспірімдер орталығының үлкен мәжіліс залында қаладағы кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер ұжымдарының, денсаулық, білім, мәдениет салаларының және қоғамдық ұйымдар мен баспасөз қызметі өкілдері, қала тұрғындары бас қосты. Мұнда олар Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018-жылғы 5-қазандағы Жолдауындағы «Қазақстандықтандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылады. Қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзиннің баяндамасы бойынша сөзге шыққандар арасында қала жастарының атынан № 1 жалпы орта білім беретін мектебі ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Жасұлан Жарасқанұлы Байтанатов болған еді. Жалындап тұрған жас маманның сөзі жиылғандардың назарын өзіне аударып, көңілдерінен шықты. Жасұланның жұрт алдында айтқан ой-пікірін ықшамдап, газет оқырмандарының назарына ұсынуды жөн көрдік. Сонымен, жастар өкілі не дейді?:

«...Жолдаудың негізгі бағыттары жастардың келешектегі тыныс-тіршілігімен тікелей байланысты. Мәселен, білім берудің жаңа мазмұндағы әдіс-тәсілдеріне көшу арқылы біліктілігі жоғары, заман талабына жауап бере алатын жас мамандарды дайындауға кедергісіз жол ашылады. Қазақстандық жоғарғы оқу орындарының мәртебесін көтеру шетелде оқуға ниетті жас азаматтардың қатарын мейлінше сиретуге ықпал етеді. Біз өмір сүріп жатқан уақыт – бейжамдық пен шабандықты кешірмейтін кезең. Бүгін жасалуға тиіс дүниені ертеңге ығыстырған адам көштің соңында қалары анық. Елбасы жастарды белсенді болуға, барлық іске жауапкершілікпен қарауға, батыл әрекет жасауға үндеп отыр. Келер жылдың «Жастар жылы» болып жариялануы жас буынның рухын көтереді, жігерін жаниды. Бәсекеге қабілетті ел болудың дау тудырмас негізі – алдымен, сол елдің жастарын соған лайықты тұрғыда тәрбиелеу. Ендеше, жастардың жалындап жанатын, білек сыбанатын, биік белестерді бағындыруға ұмтылатын шағы туды.

Осы орайда, көңіл түкпіріндегі көрікті ойларды шындыққа айналдыру мақсатында барлық санаттағы жастарды қамтитын төмендегідей әлеуметтік мазмұндағы шараларды атқару қажет деп санаймын: ол үшін бірінші кезекте еңбек нарығындағы сұранысты ескере отырып, кәсіби бағдар беру жұмыстарын ширату, жастардың барынша толыққанды жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету. «Жастар жылы» аясында барлық санаттағы жастардың ерекше ықыласпен бас қосатын алаңына айналатын заман талабына сай коворкинг-орталығын ашу міндеті тұр. Ол орталық барша дарынды, талантты, шығармашыл жастардың басын қосып, болашақта өз нәтижесін берері сөзсіз». (Аталған орталық туралы толыққанды мәліметті баспасөз арқылы жариялауын өтінеміз).

«Екіншіден, қаламыздағы кәсіпкерлік саласын дамытуға бағытталған «Қала әкімі гранты» конкурсы аясында жас кәсіпкерлер мен өз кәсібін ашуға ниетті жастарды қолдау. Үшіншіден, Жолдауда тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыру жайы аталып өтті. Оның басты құралы – Елбасының өзі бастамашы болған «7-20-25» бағдарламасы. Демек, біздің міндетіміз, тиісті мекемемен бірге қаламыздың жас тұрғындарын аталған бағдарламаның тетіктері туралы кең көлемде хабадар ету. Төртіншіден, денешынықтыру және спорт бөлімімен бірлесе отырып, спорттық ісшараларды ұлғайту арқылы спортпен айналысатын жастар қатарын көбейту... Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. XXI ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біз секілді жастарға елімізді көркейту үшін қолайлы уақыт, бұйырған – баға жетпес бақыт деп ойлаймын».

Иә, болашақ – жастардың заманы, солардың еншісі, оны гүлдендіру де, өркендету де, дамыту да солардың қолында. Жастардың айтары да, қосары да, өзіндік пікірі де бар. Заман – солардың заманы. Олардың осы заманға лайықты ой-пікір, ұсыныс-тілектерін тыңдап, қолдап-қуаттап отыру, мұң-мұқтажын ескеру және оларға барлық тараптан рух беру һәм мұрат-мақсаттарын жүзеге асыруға мұрсат беру және демеу көрсету біздің – аға буын ұрпақ пен қолында билік тұтқасы бар азаматтардың қолында, солардың құзырында деп ойлаймыз біз де.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
*газеттің арнаулы тілшісі.*
*Суретте: жастар өкілі Жасұлан арасқанұлы.Суретті түсірген автор.*

# ҰЛЫ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІНІҢ МӘРТЕБЕСІ КӨТЕРІЛДІ

2018 жылдың 5 қазанында, елімізде дәстүрлі үрдіске айналған ауқымды саяси оқиғалардың бірі – кезекті Елбасы Жолдауы халыққа жол тартқан еді. Алдағы жылда елімізде атқарылатын жұмыстардың жоспарын қамтыған бұл жолдау «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» деп аталды. Қазан айының 25-күні аталған Жолдауды талқылау мақсатында, №1 жалпы білім беру орта мектебінің жиын залында аталмыш мектептің тарих пәнінің мұғалімі Зухра Әбдісаматқызы Мұратасылованың ұйымдастыруымен, жас ұстаздардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Модераторлар қатарында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғалия Жандосқызы Әбішева және Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлжахан Қайроллақызы Шөрбекова да болды. Іс-шара барысында Мемлекет басшысы Жолдауының басты бағыттары қатысушылар арасында қызу талқыға салынды. Елбасының биылғы Жолдауында жария еткен педагог мәртебесін көтеруге бағытталған жаңа Заң ұстаз беделін арттырып, қоғамдағы ұлы мамандық иелерінің мәртебесін көтеруге ерекше ықпал ететіні тілге тиек етілді. Гүлжахан Қайроллақызы және Ғалия Жандосқызы шағын кәсіпкерлікті дамыту мен білім беру саласына енгізілетін өзгерістер, «7-20-25» бағдарламасымен қолжетімді баспана алудың тиімділігі туралы



жеке пікірлерін білдірді. Кездесу келешектің іргетасын қалау үшін, ең алдымен еліміздің жастарының саналы болып жетілуіне, күш салу керек, жалын мен жігерді, ізденіс пен талпынысты талап ететін жастық шақта ел болашағы үшін еңбек ету әркімнің міндеті деген жастарға серпін беретін сөздермен аяқталды.

**Ж.Д. Қыдыралы,**
***«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманының міндетін атқарушы***

# АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

«Қазақстандықтардың әл-ауқаты, ең алдымен, табыстарының тұрақты өсімі мен тұрмыс сапасына байланысты. Адам еңбекқор болып, өз кәсібін жақсы меңгергенде және лайықты жалақы алуға немесе жеке кәсіп ашып, оны дамытуға мүмкіндік болған кезде табыс артады. Мемлекет пен адамдардың күш біріктіруінің арқасында ғана біз Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құра аламыз» деген болатын Елбасы 5-қазандағы қазақстандықтарға арнаған Жолдауында...

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы аясында 2018-жылдың 11-қазанында, яғни өткен бейсенбі күні «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен жұмыссыз азаматтарға арналған «Ашық есік күні» өткізілетінін естігеннен соң осы мекеменің есігін қағып, аталған жұмыспен қамту орталығының басшысы Рахима Есенаманқызына жолыққан едік. Қазақстан Республи-касының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әр жылғы жолдауында еліміздегі жұмыссыздықпен күрес және қарапайым жұмысшылардың жағдайын ойлау, оларға тиісінше жағдай жасап, көмек көрсету туралы айтып келеді. Осыған орай өткізілген «Ашық есік» күніне қаладағы жұмыссыз және әлеуметтік көмекке мұқтаж жандардың мекемеге келуі туралы сұрастырып, білдік.

Осы күні «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының қабылдауында қала бойынша 32 азамат болып, оның ішінде «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021-жылдарға арналған бағдарламасы» шеңберінде 19 жұмыссыз азамат жүгінген. Бағдарлама аясында жүзеге асатын қоғамдық жұмыстарға қатысуға 3 жұмыссыз азамат өтініш білдірген және жолдама алған. Атаулы әлеуметтік көмек туралы ақпарат алу мақсатында 13 адам жүгініп, оның ішінде 3 адамға шартты ақшалай көмек тағайындалған. «Шараның мақсаты – 2018-жылдың 5-қазандағы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру және қала тұрғындарына тиісті көмек көрсету» деді бізбен әңгімесінде жұмыспен қату орталығының басшысы.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ.**

*Ғасыр дертімен күрес*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАСТЫ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықпен қазіргі уақытта әлемдегі барлық мемлекеттер күресу үстінде. Жемқорлық мемлекеттің болашақта қаркынды дамуына өз кедергілерін келтіреді. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттің саяси басым бағыттарының бірі болып, ерекше назар аударылуда.

Қазақстан Республикасында Президентіміз Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиялық даму жоспарында атап көрсеткендей негізгі бағыты: «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болу керек». Сонымен қатар Елбасымыз мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсартуды атап көрсетті.

Басқарма қала бойынша мемлекеттік бюджеттің атқарылуына қызмет көрсету, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі операцияларды есепке алуды қамтамасыз ету және мемлекеттік мекемелердің рәсімдік шоттарындағы операцияларды жүргізу қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Стратегиялық жоспарына сәйкес басқарма мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуде толықтай электронды түрге көшіп «Қазынашылық – клиент» ақпараттық жүйесінде жұмыс жасайды. Аталған жүйе мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің уақыт үнемдеу, сондай ақ әкімшілік кедергілерді болдырмауда, төлем құжаттарын өткізу мерзімінің қысқаруы бойынша өз тиімділігін көрсетіп отыр.

Басты міндетіміз - бюджет қаражаттарының мақсатты жұмсалуын қадағалау, бюджеттік мекемелердің салықтық, әлеуметтік төлемдерінің уақытылы бюджет заңнамаларына сәйкес жүргізілуін қамтамасыз ету.

Приозерск қалалық қазынашылық басқармасында сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген. Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Азаматтардың арыз шағымдарын қарау жүйесі орнатылған, басқарма басшысы мен оның орынбасарының азаматтарды жеке мәселелер бойынша қабылдау кестесі бекітілген және сенім телефоны жұмыс істейді. Сонымен қатар мемлекеттік бюджетті игеру барысында қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамалары мен нормативтік құқықтық актілерін сақтауда басқарма қызметкерлерімен және мемлекеттік мекемелердің уәкілетті тұлғаларына ай сайын жүйелі түрде семинар кеңестер өткізіледі.

**Т.Д. Манаков,**
***Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының басшысы***

*Қайырымдылық шара*

# 29 ҚАЗАН- ҚАМҚОРШЫЛАР КҮНІ

Қазақстан Республикасы балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен жыл сайын 29 қазанда қамқоршылар мен қорғаншыларды көтермелеу, марапаттау мақсатында «Қамқоршылар күні» мерекесі өткізіледі.

«Қамқоршы күні» мерекесін өткізу қамқоршылар мен олардың отбасында ата-ана жылуын тапқан жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін қайырымдылық шара болып табылады. Мерекенің басты мақсаты-жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп жатқан қамқоршыларды қолдау, қамқорлықсыз қалған балаларды өзекке теппей бауырына тартқан жандардың мәртебесін арттырып, оларға демеу көрсету.

Приозерск қаласы мектептерінде қорғаншылық және қамқоршылықта тәрбиеленіп жатқан жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар білім алуда. Олар жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыға киім-кешекпен қамтамасыз етіледі және мектеп асханаларында ол балаларға бір мезгіл тегін ыстық тамақ ішу қарастырылған. Жазғы демалыс мезгілінде қамқоршылықтағы балаларға республикалық, қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне ақысыз жолдама беріледі, сонымен қатар мектепішілік лагерлерде де демалады. Президенттің, облыс және қала әкімдерінің жаңа жылдық шырша мерекелеріне ең алдымен жетім, қамқорлыққа алынған, аз қамтылған және көп балалы отбасылардағы балалар қатысады. Тамыз-қыркүйек айында өткен республикалық «Мектепке жол» акциясы бойынша бұл санаттағы балалар тегін киіммен, кеңсе тауарларымен қамтамасыз етіледі.

«Қамқоршылар күні» мерекесін атап өту қарсаңында қаламыздағы жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қамқорлықтарына алған ата-аналарды мерекелерімен құттықтап, балалардың тағдырларына немқұрайлы қарамай, өте жауапты істі қолға алып, адамгершілік негіздерін сақтау және рухани мұратқа балаларды тәрбиелеу жолында зор міндет атқарып отырғандарына ризашылығымызды білдіреміз. Қамқоршы ата-аналардың отбасыларына береке-бірлік, бақдәулет орнасын, ал балалары тек қуаныш пен жан жылуын сыйласын деп алғыс айтамыз.

**А.А.Медетбекова,**
***«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сектор меңгерушісі***

*Кәсіпкерлерді қолдау*

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ИНВЕСТОРЛАР МЕН КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕКТЕСУДЕ

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен Қарағанды облысы бойынша инвесторлардың құқығын қорғауға бағытталған «PROTECTING BUSINESS AND INVESTMENTS» инвесторларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу» жобасы іске асырылуда.**

Аталмыш жоба инвесторларды және барлық бизнес қауымдастықты әкімшілік қысымнан және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісінен қорғауға бағытталған.

Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдыңғы превентивтік тетіктерді қолдану арқылы жұмыс жасайтын инвестициялық қолайлы климатты нығайту бойынша түбегейлі жаңа жоба. Жобаның жүзеге асырылуының бастапқы кезеңдерінен бастап мемлекеттік институттармен әрекеттесуде қиыншылықтарға тап болған әрбір инвестор мен кәсіпкерлерге қолдау көрсетіледі.

Инвестор мен кәсіпкердің мемлекеттік билік институттарымен ашық және қарқынды өзара іс-қимылын қамтамасыз ете отыра, оған қатысты заңсыз әрекеттерді болдырмау Жобаның басты мақсаты болып табылады.

«Инвесторларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу» жобасы аясында бизнес-қауымдастық пен инвесторлар қызметіне заңсыз араласудан қорғау үшін барлық қажетті жағдайлар жасалатын болады.

Ал инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін жалғыз талап – адал және ашық бизнес жүргізу.

**Барлық сұрақтар бойынша ақпаратты Департаменттің келесі нөміріне хабарласу арқылы білуге болады:**
**8775-664-79-97, 8-702-412-29-06.**

**Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі**

*Поддержка бизнеса*

# В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПОМОГАЮТ ИНВЕСТОРАМ И ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМ

**Департамент Агентства Республики Казахстан по делам госслужбы и противодействию коррупции по Карагандинской области реализует Проект по антикоррупционному сопровождению инвесторов и предпринимателей Карагандинской области «Protecting business and investments».**

Данный Проект подразумевает защиту инвесторов и предпринимателей от административного давления и любых проявлений коррупции. Это принципиально новый проект по укреплению благоприятного инвестиционного климата, используя передовые превентивные механизмы противодействия коррупции.

В рамках Проекта будет оказано содействие каждому инвестору и предпринимателю, который испытывает трудности при взаимодействии с государственными институтами, начиная с самых первых этапов реализации проекта.

Не позволить созданию противоправных действий в отношении инвестора и предпринимателя, обеспечив прозрачное и эффективное его взаимодействие с институтами государственной власти. Это и есть главная цель реализуемого Проекта.

В рамках Проекта будут созданы все необходимые условия для защиты от незаконного вмешательства в деятельность бизнес-сообщества и инвесторов.

В свою очередь единственным требованием для инвестора и предпринимателя является обязательство вести честный и прозрачный бизнес.

**По всем интересующим вопросам просим обращаться в Департамент по номеру 8775-664-79-97, 8-702-412-29-06.**

**Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск**

# ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ (УЛЫ ХИМИКАТТАРДЫҢ) ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

*Қауіпсіздік шараларын сақтайық!*

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 мамырдағы N 515 Қаулысы "Пестицидтердің (улы химикаттардың) қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің негізінде.**

1.Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары.

1.Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау, тасымалдау және қолдану пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі ұсынымдарға, сондай-ақ қолданыстағы экологиялық қауіпсіздік талаптарына және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес жүргізіледі.

2.Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау және қолдану санитарлық-қорғаныс аймақтары мен кәсіпорындар, құрылыстар және басқада объектілердің санитарлық жіктемесі жөніндегі қолданыстағы санитарлық нормалар мен ережелер талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

3.Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау бұл үшін экологиялық қауіпсіздік, құрылыс және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар талаптарына жауап беретін арнайы қоймалық үй-жайларда жүзеге асырылады.

Пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтау кезінде физикалық-химиялық қасиеттері (ұшпалығы, тотығуы және басқа қасиеттері), өрт және жарылыс қауіптілігі, реакциялық белсенділігі, температуралық сақтау режимі бойынша үйлеспейтін препараттарды бөлек сақтау үшін жағдай жасауды қоса алғанда, ыдыстың затбелгі жапсырмасында, нақты пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі ұсынымдарда, олардың жіктеме шифрларында көзделген талаптарды сақтау қажет.

4.Пестицидтерді (улы химикаттарды) поддондар мен сөрелерді пайдаланбастан қойманың еденінде үйіп сақтауға жол берілмейді.

5.Төгілген жағдайда пестицидтерді (улы химикаттарды) бейтараптандыру үшін қойма үй-жайлары сақтаулы пестицидтердің (улы химикаттардың) ыдыстың затбелгі жапсырмасында көрсетілген дезактивациялау құралдарымен қажетті мөлшерде қамтамасыз етіледі.

6.Халықтың тұру жағдайына қолайсыз әсер етудің алдын алу және болдырмау мақсатында қойма үй-жайларының аумақтарында және санитарлық-қорғаныс аймақтары шегінде талдау және аспаптық бақылау әдістерін пайдалана отырып тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

7.Пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау көлік саласындағы уәкілетті орган берген қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған лицензиясы болған кезде жүзеге асырылады.

8.Пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау, тасымалдау кезіндегі қауіптілік туралы ақпарат жүйесінің авариялық кәр-тішкелерін ("Абайла - пестицидтер (улы химикаттар)") қоса алғанда, әр түрлі көлік түрлерінде қолданылатын қауіпті жүктерді тасымалдау ережесінің талаптарына сәйкес өндірушінің герметикалық ыдысында, арнайы жабдықталған және тиісті таңбасы бар көлік құралдарында жүзеге асырылады.

9.Пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау белгіленген үлгідегі арнайы санитарлық паспорты бар көлік құралдарында ғана жүзеге асырылады.

10.Тамақ өнімдерін, жемшөп пен ауызсуын пестицидтермен (улы химикаттармен) және дәріленген тұқымдармен бірге немесе бұрын пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау үшін пайдаланылған көлік құралдарында тасымалдауға жол берілмейді.

11.Пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдау үшін пайдаланылған көлік алдын ала тазартылмай және залалсыздандырылмай басқа азық-түліктік емес жүктерді тасымалдауға жол берілмейді.

12.Физикалық-химиялық қасиеттері (ұшпалығы, тотығуы және басқа қасиеттері), өрт және жарылыс қауіптілігі бойынша үйлеспейтін пестицидтерді (улы химикаттарды) бірлесіп тасымалдауға жол берілмейді.

13.Тасымалдау кезінде көлік құралдарында бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

14.Көлік құралдары тасымалдау жұмыстары аяқталған және пестицидтерден (улы химикаттардан) босаған соң ыдыстың затбелгі жапсырмасында және тасымалданатын препараттардың ілеспе құжаттарында көрсетілген талаптарға сәйкес сумен жуылып, залалсыздандырылады.

15.Пестицидтерді (улы химикаттарды) тасымалдауға арналған әрбір көлік құралы пестицидтерді (улы химикаттарды) бейтараптандыру құралдарымен, тиісті өртсөндіргіштермен, құмның қажетті запасымен және жеке қорғаныс құралдарымен жабдықталады.

16.Дәріленген тұқымдарды сақтау мен тасымалдау мықты, пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізбейтін материалдан жасалған, буып-түйілгеннен кейін тығыз жабылатын арнайы ыдыста жүргізіледі. Ыдыста "дәріленген" деген анық таңба жасалады.

17.Жеке және заңды тұлғаларды пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі жұмыстарға жіберу тиісті нормативтік құқықтық кесімдерде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

18.Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер (улы химикаттар) тізімімен қамтылатын пестицидтер (улы химикаттар) ғана қолдануға жатады.

19.Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану тіркеу куәлігі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

20.Пестицидтермен (улы химикаттармен) істелетін барлық жұмыстар беттері тігілген және нөмірленген журналдарда тіркеледі, оларда міндетті түрде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1)пестицидтің (улы химикаттың) атауы;

2)әсер етуші заттың атауы және қабылданған пестицидтер жіктемесіне сәйкес пестицидтің (улы химикаттың) қауіптілігі;

3)зиянды организмнің атауы;

4) жұмсау нормасы;

5) ерітіндінің көлемі;

6)ерітіндінің дайындалған күні;

7)өңдеу түрі (жер үсті, авиациялық, аэрозольдік);

8)өңдеу орны мен алаңы;

9)өңделген күні;

10)өңделген дақылдың түрі.

21.Пестицидтермен (улы химикаттармен) жұмыс істелетін орындар пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы көрнекі құралдармен, нұсқаулармен, жадынамалармен қамтамасыз етіледі.

22.Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану пайдалану (қолдану) регламенттеріне (жұмсау нормасы, өңдеу тәсілі мен еселігі, шектеулер, күту мерзімдері, ұсынылған жеке қорғаныс құралдарынан қолдану) сәйкес жүзеге асырылады.

23.Пестицидтермен (улы химикаттармен) жұмыс істеген кезде жұмыс орындарында темекі шегуге, ашық отты пайдалануға, тамақ ішуге жол берілмейді.

24.Өсімдіктерді пестицидтермен (улы химикаттармен) тозаңдатуды және бүріктіруді ерте таңғы және кешкі сағаттарда желдің жылдамдығы жерүсті аппаратурасын қолданған кезде 3 м/с және авиацияны қолданған кезде 2 м/с аспағанда жүргізуге рұқсат етіледі.

25.Қала саябақтарын, гүлбақтарды, бульварларды, көшелер мен даңғылдарды, оның ішінде трамвай жолдары мен жолөтпелерді пестицидтермен (улы химикаттармен) ошақты өңдеу өте кешкі, түнгі және ерте таңғы сағаттарда, пестицидтердің (улы химикаттардың) ең төмен жұмсау нормасымен, жерүсті штангалық аппаратураны пайдалана отырып және тұрғын үйлерге дейінгі санитарлық қашықтықты 50 метрден кем емес сақтай отырып жүргізіледі.

26.Пестицидтерді (улы химикаттарды) шаруашылық-ауызсу су құбырлары көздерінің қатаң режим аймағында қолдануға жол берілмейді. Шектеу аймағында қауіптілігі 1 және 2-сыныпты пестицидтерді (улы химикаттарды) пайдалануға тыйым салынады.

27.Пестицидтерді (улы химикаттарды) балалық, спорттық-сауықтыру, медициналық мекемелер, мектептер, қоғамдық тамақтану және тамақ өнімдерін сату кәсіпорындары аумағында қолдануға жол берілмейді.

28.Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолданған кезде барлық орталықтандырылмаған сумен жабдықтау (құдықтар, ұңғымалар) көздері берік жабылуы қажет.

29.Балдырларды, арамшөптерді, масалардың құрттарын, қоқысты балықтарды жою мақсатында сутоғандарды пестицидтермен (улы химикаттармен) өңдеу санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды негізінде жүргізіледі.

30.Уақытша сақтауға арналған арнайы орындардан басқа, жұмыс орындарында пайдаланылмаған пестицидтерді (улы химикаттарды) қалдыруға жол берілмейді.

31.Пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдану кезінде бұзушылықтар болған жағдайда пестицидтердің (улы химикаттардың) қалдық мөлшерінің болуына талдау зерттеулері жүргізілгенге дейін ауыл шаруашылығы өнімін сату тоқтатылады.

Пестицидтердің (улы химикаттардың) құрамы белгіленген ең кеп рұқсат етілетін деңгейден артық өнімді халыққа сатуға жол берілмейді.

32.Азық-түлік запастары немесе ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарға арналған жемшөп салынған қоймаларда кеміргіштермен күрес кезінде сусымалы (оның ішінде дәндік) уландырылған еліктіргіштерді ыдысқа салынбаған тамақ өнімдері мен жемшөптердің жақын маңына салуға жол берілмейді.

Дератизациялық құралдарды кеміргіштер оңай бүлдіретін ыдыстарға (картон қораптар, қағаз қалталар, қаптар және т.б.) салынған тамақ өнімдерінің арасына орналастыру қажет болған жағдайда кеміргіштердің еліктіргіштерді тасуын және улы заттардың абайсызда тамаққа түсуін болдырмайтын арнайы қорғаныс контейнерлеріне салынған дератизациялық блоктар (парафиндік, балауыздық) қолданылады.

33.Жеке және заңды тұлғалардың пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметі заңнамада белгіленген тәртіппен берілген лицензия негізінде жүзеге асырылады.

**Пестицидтердің (улы химикаттардың) қауіпсіздігіне қойылатын талаптар бойынша туындаған сұрақтар болса Пушкин көшесі 9/2 үйде (Қазпошта ғимараты) 2 этажда орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына немесе мына телефондар бойынша 8 (710 39)-5-40-06, 8-702-847-52-98 хабарласуларыңызға болады.**

**КАДИРОВА К.Р.**
***ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы***

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

# ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ, ОНЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ 2017 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫ МЕН 2018 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

**Құрметті қала тұрғындары!**

**Қалалық мәслихаттың регламентіне сәйкес назарларыңызға мәслихат хатшысының халық алдындағы есебін, яғни қалалық мәслихаттың атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы 2017 жылдың қараша айы мен 2018 жылдың қазан айы аралығындағы есебін ұсынамын.**

2017 жылдың 25 желтоқсанында №1 сайлау окгугінің депутаты Бейскеев Сағынбек Жаңбырбайұлының мемлекеттік қызметке өтуіне байланысты депутаттық өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылып, 2018 жылдың 25 наурызында өткен сайлау нәтижесі негізінде №1 округ депутаты болып Алмас Ұлан Алмасұлы сайланды. Қазіргі уақытта VI шақырылымның сайланған 11 депутаттың барлығы өз қызметін атқаруда. Депутаттық корпус құрамында кәсіпорын басшылары, жеке кәсіпкерлер, білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінің басшылары және басқа салада жұмыс атқаратын жоғары білімді басшылар бар.

Мәслихат қызметінің негізгі нысаны мәслихат сессиясында келесі мәселелер қаралтырылды:

2017 жылдың қараша-желтоқсан айларында 2 сессия өтті, оның біреуі кезектен тыс. Сессияда барлығы 22 мәселе қарастырылды. 2018 жылдың 10 айында 6 сессия өтіп, оның үшеуі кезектен тыс болды. Барлығы 69 мәселе қарастырылып, оның ішінде:

Қала әкімінің депутаттар алдындағы есебі 1 рет, Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі 1 рет, 2017 жылға арналған бюджетте қарастырылған салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі 1 рет, қаланың 2018-2019 жылдарға қысқы жылу беру мерзіміне дайындығы туралы есебі 1 рет, қалалық ішкі істер органдарының Жергілікті полиция қызметі бастығының кандидатурасына келісім беру бойынша 1 мәселе, жергілікті полиция қызметі бастығының есебі 2 рет, Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық Кеңесінің атқарылған жұмыстары туралы есебі 1 рет, қалалық бағдарламаның орындалуы туралы есеп 6 рет, Приозерск қаласында жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі 1 рет; 7 басшының атқарып отырған жұмысы туралы есебі, бюджет мәселесі 6 рет, әртүрлі комиссия құрамын бекіту мен өзгеріс енгізу мәселесі 33 рет, ішкі мәселелер 22 рет және 8 әртүрлі мәселелер қарастырылды.

Қалалық мәслихаттың барлық іс-шаралары ашық түрде жүргізіледі. Сессия жұмысына қала әкімі мен оның орынбасарлары тұрақты түрде қатысады, сондай-ақ қала мекемелері, кәсіпорындар мен мемлекеттік органдардың басшылары шақырылады.

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің бір түріне жергілікті өкілді органдардың ашық отырыстарын мекеменің интернет-ресурсында онлайн-хабар тарату режимінде өткізу болып табылады, сол себепті мәслихаттың кезекті сессия отырысы онлайн-хабар тарату режимінде өтуде.

Халықтан жедел ақпарат алу үшін қалалық газет пен интернет-ресурстары арқылы сессияның өтетін күні мен сессияның күн тәртібін алдын ала хабарлап отырамыз.

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңы негізінде құқықтық нормаларды қарастыратын сессия шешімдері облыстық әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өтеді және Республикалық құқықтық ақпарат орталығына енгізіледі. Есеп беру кезеңінде 11 нормативтік құқықтық акт қабылданып (өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 157,1 пайызға орындалды), олардың барлығы мемлекеттік тіркеуден өтіп, қала аумағында орындалуға тиісті құжат болып есептеледі. Тіркелмей қайтарылған құқықтық акт болған жоқ. 2018 жылдың 9 айында заңға өзгеріс енуіне байланысты 1 нормативтік құқықтық актінің күші жойылды.

Қазақстан Республикасының қаулысы негізінде 2018 жылдың шілде айынан бастап, нормативтік-құқықтық актілерді әділет департаментіне жолдау үшін мемлекеттік тіркеу рәсімдері автоматтандырылып, депутаттардың электронды цифрлық қолтаңбалары алынды және нормативтік-құқықтық актілер тіркеуге электронды түрде жіберілуде.

Қалалық мәслихатта үш тұрақты комиссия жұмыс атқарады. Есеп беру кезеңінде:

Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясы 9 отырыс өткізіп, 18 мәселе қарастырды. Отырыста Приозерск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 8/76 «2017-2019 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; 2018-2020 жылдарға арналған қалалық бюджетті бекіту; Приозерск қаласының 2016-2020 жылдарға арналған даму Бағдарламасына өзгерістер енгізу; 2017 жылға арналған бюджетте қарастырылған салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы; 2016-2017 жылдары мемлекеттік бағдарламалар аясында қала кәсіпкерлерін несиелендіру және шағын мен орта бизнесті дамыту туралы есебі; Приозерск қалалық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17/147 «2018-2020 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; 2017 жылға арналған қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі қарастырылды.

Тұрақты комиссия жұмысын депутат Балтышев Ерік Тәткенұлы басқарады, комиссия мүшелері депутат Жұмаханова Панар Айдарханқызы, Әбдімұталіпов Мұса Жәлиұлы. Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі сессия жұмысында тыңдалды.

Құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясы 5 отырыс өткізіп, 19 мәселе қарастырды. Отырыста «Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылы атқарған жұмысы туралы есебі; «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сәулет және қала құрылысы бойынша 2017 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі; қала аумағында эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында жүргізіліп отырған, ветеринариялық-профилактикалық және диагностикалық іс-шаралардың орындалуы туралы есебі; Приозерск қаласы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы; Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту тура-

(соңы 5 бет.)

***

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ОТЧЕТ О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА, ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЕГО ПОСТОЯННЫХ КОМИССИЙ В ПЕРИОД С НОЯБРЯ 2017 ГОДА ПО ОКТЯБРЬ 2018 ГОДА

**Уважаемые жители города Приозерск!**

**В соответствии с регламентом городского маслихата, представляю отчет секретаря маслихата перед населением, о проделанной работе городского маслихата, деятельности его постоянных комиссий в период с ноября 2017 года по октябрь 2018 года.**

25 декабря 2017 года в связи с переходом на государственную службу досрочно приостановлена депутатская полномочия депутата округа №1 Бейскеева Сагынбека Жанбырбаевича, и по итогам выборов 25 марта 2018 года избран депутатом округа №1 Алмас Улан Алмасулы. В настоящее время избранные 11 депутатов VI созыва исполняют свою работу. В составе депутатского корпуса руководители предприятий, индивидуальные предприниматели, руководители учреждений образования, здравоохранения и работающие в других сферах руководители, имеющие высшее образование.

Основной формой деятельности маслихата является сессия, на сессии рассмотрены следующие вопросы:

За ноябрь-декабрь 2017 года проведено 2 сессий, из них 1 внеочередная. Всего на сессиях рассмотрено 22 вопросов.За 10 месяцев 2018 года проведено 6 сессий, из них – 3 внеочередных. Всего рассмотрено 69 вопросов, в том числе:

Отчет акима перед депутатами - 1 раз, отчет ревизионной комиссии по Карагандинской области по исполнению и освоению бюджетных средств города - 1 раз, отчет об исполнении плана по поступлениям в бюджет по налогам и другим обязательным платежам за 2017 год - 1 раз, отчет о подготовке города к отопительному сезону 2018-2019 годы - 1 раз, вопрос по согласованию кандидатуры на должность начальника Местной полицейской службы органов внутренних дел города - 1 раз, отчет начальника Местной полицейской службы города 2 раза, Отчет о проделанной работе территориального Совета местного самоуправления по городу Приозерск - 1 раз, отчет об исполнении программы города - 6 раз, отчет о проделанной работе по противодействию коррупций в городе - 1 раз; отчет о проделанной работе руководителей - 7 раз, вопросы по бюджету 6 раз, утверждение и изменение состава 33 различных комиссии, 22 внутренних вопросов и 8 разных вопросов.

Все мероприятия городского маслихата проводятся в режиме открытости и прозрачности. В работе сессий постоянно принимают участие Аким города и его заместители. Приглашаются руководители предприятий, организаций, государственных органов.

Согласно Закона Республики Казахстан «О доступе к информации», одними из обязательных способов обеспечения доступа к информации являются онлайн-трансляция открытых заседаний местных представительных органов на интернет-ресурсе учреждении, в связи с чем заседания очередных сессий маслихата проводится в режиме онлайн-трансляция.

Для получения оперативной информации от населения через городскую газету и интернет-ресурсы заранее информируем население о дате проведения и повестке дня сессии.

Согласно Закона Республики Казахстан «О правовых актах» решения сессии, усматривающие правовые нормы, проходят государственную регистрацию в областном Департаменте юстиции и вносятся в Республиканский центр правовой информации. За отчетный период принято 11 нормативных правовых актов (по сравнению с прошлым годом исполнено на 157,1%), все они прошли государственную регистрацию и являются документом обязательного исполнения на территории города. Правовых актов, возвращенных без регистрации не было. За 9 месяцев 2018 года утратил силу 1 нормативно-правовой акт, в связи с изменением закона.

Так с июля 2018 года, во исполнения постановления Правительства Республики Казахстан, автоматизирована процедура государственной регистрации нормативно-правовых актов для направления в департамент юстиции, получены электронные цифровые подписи депутатов и нормативно-правовые акты направляются в электронном виде.

В городском маслихате работают три постоянных комиссии. Так за отчетный период:

Постоянной комиссией по бюджету, финансам и развитию малого среднего бизнеса проведено 9 заседаний, рассмотрено 18 вопросов. На заседании рассмотрены вопросы о внесении изменений в решение Приозерского городского маслихата от 22 декабря 2016 года № 8/76 «О городском бюджете на 2017-2019 годы»; по утверждению городского бюджета на 2018-2020 годы; по внесению изменении в программу развития города Приозерск на 2016-2020 годы»; отчет об исполнении плана по поступлениям в бюджет по налогам и другим обязательным платежам за 2016 год; отчет по кредитованию предпринимателей города и развитию малого и среднего бизнеса в рамках государственных программ за 2016-2017 годы; О внесении изменений в решение Приозерского городского маслихата от 25 декабря 2017 года № 17/147 «О городском бюджете на 2018-2020 годы»; отчет по исполнению бюджета и освоению бюджетных средств города Приозерск за 2017 год;

Работой постоянной комиссии руководит депутат Балтышев Ерик Таткенович, члены комиссии депутаты Жумаханова Панар Айдархановна, Абдимуталипов Муса Жалиевич. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по бюджету, финансам и развитию малого среднего бизнеса был заслушан на сессий городского маслихата.

Постоянной комиссией по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам проведено 5 заседаний, рассмотрено 19 вопросов. Рассматривались отчет о проделанной работе государственного учреждения «Отдел строительства города Приозерск» за 2017 год; отчет о проделанной работе государственного учреждения «Отдел земельных отношении, архитектуры и градостроительства города Приозерск» по работе архитектуры и градостроительства за 2017 год; отчет об исполнении проводимых, в целях обеспечения эпизоотического благополучия, ветеринарно - профилактических и диагностических мероприятий на территории города; об утверждении плана по управлению пастбищами и их использованию по городу Приозерск на 2018-2019 годы; об утверждении нормы образования и накопления коммунальных отходов по городу Приозерск; отчет о проделанной работе отдела жилищно коммунального

(окончание на стр.5)

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ, ОНЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ 2017 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫ МЕН 2018 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

(соңы. басы 4 бет.)

лы; «Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылы атқарған жұмыстары туралы; қаланың 2018-2019 жылдарға қысқы жылу беру мерзіміне дайындығы туралы есебі қарастырылып, түрлі комиссия құрамдарына өзгерістер енгізіліп бекітілді.

Тұрақты комиссия жұмысын депутат Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы басқарады, комиссия мүшелері депутат Дюсембаев Дулат Орынбасарұлы, Зейнеғазиев Сейтқазы Зейнеғазиұлы, және Аринов Айбын Төлеуұлы. Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі сессия жұмысында тыңдалды.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясы 5 отырыс өткізіп, 35 мәселе қарастырды. Отырыста қаладағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмыстарды ашу барысында атқарылған жұмыстары туралы есебі; «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуы туралы есебі»; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру туралы есебі; «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі; «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2017 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі; Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 - 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының Приозерск қаласында іске асырылуы туралы есебі; қала әкімдігінің мемлекеттік қызметтер көрсету туралы жұмысының есебі; түрлі комиссия құрамдарына өзгерістер енгізіліп бекітілді.

Тұрақты комиссия жұмысын депутат Попченко Светлана Борисовна басқарады, комиссия мүшелері депутат Мондыбаева Гүлбаршын Қайроллақызы, Алмас Ұлан Алмасұлы. Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарылған жұмыстары туралы есебі сессия жұмысында тыңдалды.

Алдыңғы жылғы есебімде 2017 жылдың 26 маусымында қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясы Приозерск қаласы көшелерінің атауларын өзгерту мәселесі бойынша көпшілік тыңдауын өткізіп, қорытынды хаттама жоғарғы органдардың қарауына жіберілгенін айтып өткем. Сол құжаттардың негізінде 2018 жылдың 29 наурызындағы Қарағанды облысының әкімдігі мен Қарағанды облыстық мәслихатының бірлескен қаулы және шешімі бойынша Приозерск қаласының келесі көшелері:

Береговая көшесі - Бастау көшесі;
Весенняя көшесі - Сарыарқа көшесі;
Озерная көшесі - Алаш көшесі;
Лесная көшесі - Ынтымақ көшесі;
Строительная көшесі - Бірлік көшесі;
Госпитальная көшесі - Таңшолпан көшесі;
Комсомольская көшесі - Тұмар көшесі;
Полевая көшесі - Шұғыла көшесі;
Производственная көшесі - Керуен көшесі;
Промышленная көшесі - Тұран көшесі;
Хозяйственная көшесі - Қайнар көшесі деп қайта аталды.

Егер 2017 жылдың 9 айында депутаттар 31 кездесу өткізсе, 2018 жылдың 9 айында 77 кездесу өткізіп, 213 сайлаушыдан 213 сұрақтар түсті. Көбіне коммуналдық мәселелерден басқа 7-20-25 бағдарламасын түсіндіру және тағы да басқа сұрақтар болды.

Қалалық мәслихат депутаттарының жыл сайын өткізетін ашық есік күніне 2017 жылы 3 сайлаушы келсе, 2018 жылдың 16 қазанында 1 сайлаушы келді.

Депутаттар қала әкімінің халықпен кездесуіне белсенді қатысып, атқарушы органдардың кеңестері мен консультативтік-кеңесші органдарының мүшесі болып табылады. Бұның бәрі өзара ақпарат алысуды жақсартуға, туындаған проблемалар бойынша шешімдер табуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 5 әлеуметтік бастамасы бойынша депутаттарымыз П.Жұмаханова, С.Попченко, А.Аринов, Д.Дюсембаев, Т.Қарабалаев, Е.Балтышев және Ұ.Алмас бірнеше семинар, кездесу өткізді.

Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев түрлі қайырымдылық шараларына демеушілік етіп, «Мектепке жол» акциясына белсенді түрде қатысқаны үшін «Жыл меценаты» жүлдесінің лауреаты, ал Мұса Жәлиұлы Әбдімұталипов жас спортшылардың шеберлігін шыңдау бойынша, спорттық жарыстарды өткізуге демеуші ретінде қосқан үлесі үшін «Жыл тұлғасы» сыйлығының лауреаты атағын иеленді.

Үстіміздегі жылдың 11-12 мамырында Облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттары мен аппарат қызметшілерінің I Спартакиадасы болып, оған қаламыздың депутаттары мен аппарат қызметшілері спорттық ойындардың барлық түрлері бойынша қатысып, өз үлестерін қосты.

Депутаттар қаланы безендіру мен абаттандыруға техникамен көмектесуді жалғастыруда.

Қалалық мәслихат хатшысы ретінде күн сайын сайлаушылардың жеке сауалдары бойынша қабылдау жүргіземін. Есеп беру кезеңінде 2 адам қабылдауда болып, 4 сауал қойып, сол мезетте барлығына жауаптарын алды.

Есеп беру кезеңінде өтініш тіркелген жоқ.

Биылғы жылы қалалық мәслихатқа мемлекеттік органдар мен жеке тұлғалардан 235 кіріс және 203 шығыс хаттар келіп түсті. Барлығына жауаптар беріліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгеріс енгізіліп округтік комиссиялар алып тасталды. Осыған байланысты қала әкімдігі жаңадан құрылған учаскелік комиссия аумағын қайта бекіткен соң, сайлау комиссиясының құрамын өзгерту бойынша жұмыстар жүргізіледі.

**Құрметті қала тұрғындары!**

Мен қалалық мәслихаттың атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы 2017 жылдың қараша айы мен 2018 жылдың қазан айы аралығында атқарған жұмыстары туралы сіздерді хабардар етіп отырмын. Сессия және тұрақты комиссия жұмысын одан әрі жетілдіруде, әр депутаттың белсенділігін арттыруда сіздерден ұсыныс күтеміз.

**Б. Сәрсембеков,**
***Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы***

# ОТЧЕТ О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА, ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЕГО ПОСТОЯННЫХ КОМИССИЙ В ПЕРИОД С НОЯБРЯ 2017 ГОДА ПО ОКТЯБРЬ 2018 ГОДА

(окончание. начало на стр.4)

хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции за 2017 год; отчет о подготовке города к отопительному сезону 2018-2019 годы; утверждены и внесены изменения в различные составы комиссии.

Председателем комиссии является депутат Карабалаев Талгат Алимджанович, члены комиссии депутаты Дюсембаев Дулат Орынбасарович, Зейнегазиев Сейтказы Зейнегазиевич и Аринов Айбын Толеуович. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам был заслушан на сессий городского маслихата.

Постоянной комиссией по социально-культурному развитию и социальной защите населению проведено 5 заседаний и рассмотрено 35 вопросов. Рассматривались вопросы о проделанной работе по предотвращению и раскрываемости преступности и правонарушения в городе; отчет о выполнение государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы; отчет об исполнении Государственной программы развития образования и науки в Республике Казахстан на 2016-2019 годы; отчет о проделанной работе государственного учреждения «Отдел физической культуры и спорта города Приозерск» за 2017 год; отчет о проделанной работе государственного учреждения «Отдел занятости и социальных программ» за 2017 год; отчет о реализации Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017 - 2020 годы в городе Приозерск; отчет о работе по оказанию государственных услуг акиматом города Приозерск; утверждены и внесены изменения в различные составы комиссии.

Председателем комиссии является депутат Попченко Светлана Борисовна, члены комиссии депутаты Мондыбаева Гулбаршын Кайроллаевна, Алмас Улан Алмасулы. Отчет о проделанной работе постоянной комиссии городского маслихата по социально - культурному развитию и социальной защите населения был заслушан на сессий городского маслихата.

В своем отчете предведущего года я отметил, что 26 июня 2017 года постоянная комиссия по социально-культурному развитию и социальной защите населения городского маслихата провел публичное слушание по вопросу переименования улиц города Приозерск. Результаты протокола были направлены в вышестоящие органы для рассмотрения и согласно совместных постановлении, решении акимата Карагандинской области и Карагандинского областного маслихата от 29 марта 2018 года переименованы следующие улицы города Приозерск:

улица Береговая - в улицу Бастау;
улица Весенняя - в улицу Сарыарка;
улица Озерная - в улицу Алаш;
улица Лесная - в улицу Ынтымак;
улица Строительная - в улицу Бирлик;
улица Госпитальная - в улицу Таншолпан;
улица Комсомольская - в улицу Тумар;
улица Полевая - в улицу Шугыла;
улица Производственная - в улицу Керуен;
улица Промышленная - в улицу Туран;
улица Хозяйственная - в улицу Кайнар.

Если депутаты за 9 месяцев 2017 года провели 31 встреч, то за 9 месяцев 2018 года проведено 77 встреч и задано 213 вопросов, где многие из них коммунальные вопросы, разъяснение программы 7-20-25 и другие вопросы.

Если на ежегодном проведении депутатами городского маслихата дня открытых дверей 2017 году приняли участие трое избирателей, то 16 октября 2018 года участвовал 1 избиратель.

Депутаты принимают активное участие во встречах Акима с населением города, являются членами консультативно-совещательных органов и Советов исполнительного органа. Все это позволяет улучшить взаимную информированность, найти пути решения возникающих проблем.

Депутаты П.Жумаханова, С.Попченко, А.Аринов, Д.Дюсембаев, Т.Карабалаев, Е.Балтышев и У.Алмас провели несколько встреч и семинаров по пяти социальных инициатив Президента Республики Казахстан.

Лауреатом премии «Жыл меценаты», стал Талғат Алимджанович Карабалаев за спонсорскую помощь в акции «Мектепке жол» и множество благотворительных акции. За спонсорскую помощь в проведении различных турниров с целью совершенствования спортивного мастерства молодых спортсменов Абдимуталипов Муса Жалиевич стал лауреатом премии «Жыл тұлғасы».

11-12 мая текущего года депутаты и сотрудники аппарата маслихата приняли активное участие на I Спартакиаде среди депутатов и сотрудников аппаратов областного маслихата, маслихатов городов и районов по всем видам спортивных игр.

Также депутаты помогают техникой при проведении мероприятии по благоустройству и оформлению города.

Как секретарь городского маслихата ежедневно веду прием избирателей по личным вопросам. За отчетный период на приеме участвовало 2 человека и задано 4 вопросов, по которым сразу даны ответы.

За отчетный период обращении не поступило.

В текущем году в городской маслихат поступило 235 входящих и 203 исходящих писем из государственных органов и частных лиц. По всем даны ответы и проведена соответствующая работа.

С внесением изменении в Конституционный закон «О выборах в Республике Казахстан» исключены окружные комиссии. В связи с этим после утверждения акиматом города территории вновь созданных участковых комиссии, будут внесены изменения в состав избирательных комиссии.

**Уважаемые жители города Приозерск!**

Я проинформировал вас о работе проделанной городским маслихатом, деятельности его постоянных комиссий в период с ноября 2017 года по октябрь 2018 год. Ждем Ваших предложении по улучшению и совершенствованию работы сессий и постоянных комиссий, повышения активности каждого депутата.

**Б. Сарсембеков,**
***секретарь Приозерского городского маслихата***

*Профилактика в школе*

# О ПРОФИЛАКТИКЕ УПОТРЕБЛЕНИЯ В ШКОЛЕ АЛКОГОЛЬНЫХ НАПИТКОВ, НАРКОТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ И ПСИХОТРОПНЫХ ВЕЩЕСТВ

Школа - это важный источник знаний об алкоголе и наркотиках, потому что школа, это как раз то место, где заведомо имеется возможность контактов с аудиторией подростков. Учащиеся проводят большое количество времени в школе и в ходе формального и неформального процесса обучения, имеют возможность получить большое количество полезной информации и навыков.

Профилактика употребления несовершеннолетними алкогольных напитков, наркотических и психоактивных веществ – это целая система работы школы, включающая в себя много различных мероприятий, главным образом направленных на приобщение учащихся к здоровому образу жизни. Употребление спиртного и наркотических средств с самых ранних лет наносит непоправимый вред здоровью, а также опасно развитием тяжелой зависимости. Молодежь в силу психологических особенностей подвержена негативному влиянию внешнего мира, поэтому крайне важно, чтобы каждый ребенок был огражден от причин, вызывающих подростковый алкоголизм и наркоманию.



В условиях современности, когда всюду пропагандируется культ вседозволенности, родители должны приложить максимум усилий, чтобы уберечь ребенка от отрицательного влияния окружающего мира и воспитать любимое чадо самодостаточным волевым человеком. Абсолютное большинство молодых людей не способно критически оценивать собственное состояние, поэтому без помощи взрослого здравомыслящего человека несовершеннолетнему алкоголику сложно побороть возникшую проблему. Как правило, у юношей и девушек, злоупотребляющих спиртным, и наркотическими средствами быстро нарастает социальная дезадаптация. На этом фоне забрасывается учеба, возникают (либо усиливаются) семейные конфликты, нередко появляются проблемы с законом.

Известно, что подростковый возраст всегда сопровождается кризисом во взаимоотношениях между родителями и детьми. По этой причине в указанный период необходимо не только «закручивать гайки», но и уделять ребенку побольше внимания, проявлять интерес к его увлечениям и потребностям.

К сожалению, понятия алкоголь, наркотические вещества и подростки в настоящее время практически неразделимы, но общими силами можно изменить ситуацию к лучшему. Возможно, для этого родителям придется чем-то пожертвовать, например, выделять ежемесячно определенную сумму, чтобы подросток мог посещать всевозможные кружки, спортивные, художественные и другие школы. При всем этом важно помнить, что самой лучшей профилактикой детского алкоголизма является поддержание теплых доверительных отношений с собственным ребенком.

Профилактика наркомании среди подростков – это вопрос, который непосредственным образом касается каждого, кто имеет прямое отношение к наркотическим веществам, т.е. входит в целевую группу. К ней относятся: Подростки. Они очень часто попадают под воздействие лиц, которые предлагают наркотики на пробу. Их неустоявшаяся психика с легкостью подвергается внешнему воздействию. Отсутствие собственной и четкой точки зрения делает их сильно уязвимыми перед такого рода влиянием.

Одним из самых распространенных действенных способов профилактики приема запрещенных препаратов является использование мер, направленных на ограничение их распространения, проведение антиагитационных мероприятий. Их основная задача заключается в информировании людей, которые находятся в зоне риска, и тех, кто соприкасается с ними, о негативном влиянии всех видов препаратов на моральное, психологическое и физическое состояние человека. Сюда же включается и пропаганда ЗОЖ (здорового образа жизни).

Без комплекса профилактических мероприятий среди молодых (особенно несовершеннолетних) лиц количество наркоманов будет только расти – это скажется на росте уровня преступности. Особенно важным является выявление лиц, которые уже пристрастились к наркотическим средствам, чтобы заболевание не усугубило их положение. Наркозависимые нередко становятся полностью потерянными для общества. Выделяют несколько видов профилактических работ, проводимых в основном с молодым поколением: Общая. Эту разновидность считают самой массовой, и с ее помощью решается сразу несколько задач профилактики употребления наркотических средств.

Для этой цели используется информационная пропаганда, включающая в себя донесение до населения методов, которые законодательная власть использует в борьбе с наркозависимостью и наркотическими средствами, информации о рисках при их употреблении, стимулировании молодежи к обращению в специальные службы помощи. Помимо этого, используется способ развития навыков у подростков, которые понадобятся им в дальнейшей жизни и при преодолении сложных ситуаций.




**Выборочная.** Этот вид работ направлен на тех представителей молодежи, которых считают «трудными» детьми. Они уже показывают свои поведенческие навыки и нередко оказывались в сложных ситуациях. Причина повышенного внимания к этой категории обуславливается тем, что приобщение к употреблению наркотиков часто встречается у таких молодых людей. Симптоматическая. Профилактические меры этого вида направлены на лиц с опытом употребления наркотических средств, но которые еще не приобрели статус наркоманов. В социальном поведении они выделяются равнодушием к родителям, сужением круга своих интересов и тем, что были замечены в наркотических или алкогольных эксцессах. В отношении инъекционных наркоманов (использующих уколы). Лица, являющиеся потребителями инъекционных наркотиков, редко попадают в сферу внимания органов здравоохранения. Опасность их состоит и в том, что они нередко становятся переносчиками разных заболеваний, например, гепатита С, СПИДА, ВИЧ-инфекции, заболеваний, передающихся половым путем.

Дни здоровья, конкурсы агитбригад, различные акции, конкурсы буклетов, листовок и презентаций стали традиционными в нашей школе. Но хочется отметить особую роль в профилактической работе - взаимодействие с нашей городской поликлиникой. Специалисты поликлиники проводят целенаправленную профилактическую работу среди обучающихся. Во время работы с детьми, врачи распространяют памятки, листовки, буклеты транслируют видеофильмы по пропаганде здорового образа жизни, борьбы с вредными привычками. Сотрудники поликлиники делают ставку на гигиеническое обучение и воспитание подростков как важнейшую составляющую профилактики многих социально значимых заболеваний. Ежегодно для всех учащихся выпускных классов организуется цикл лекций ведущих специалистов на актуальные темы перехода к взрослой жизни. Постоянное внимание уделяется профилактике табакокурения, алкоголизма, наркомании, ВИЧ - инфекции - СПИДу.

Кто лучше врача расскажет о последствиях употребления наркотических и психоактивных веществ?

Врачи приводят живые примеры, дают аргументированные ответы на все провокационные вопросы подростков. В ходе профилактических мероприятий в учебных заведениях проводятся соответствующие лекции и занятия, демонстрируются художественные и документальные фильмы. Хорошая работа, проведенная среди подростков, дает ощутимые результаты, поэтому она должна проводиться в широких масштабах и постоянно. Информация по профилактике должна соответствовать нескольким требованиям: не иметь оттенка безысходности, быть позитивной; СМИ не должны показывать сцены употребления наркотиков; любая публикация должна иметь информацию в понятном виде и рекомендации по профилактике употребления запрещенных препаратов; подготовка материалов должна вестись только специалистами, то есть наркологами, психологами, сотрудниками правоохранительных органов, социальных работников.

**Отдел образования города Приозерск**

*Республиканская родительская конференция*

# СТАНЬ ПРИМЕРОМ СВОЕМУ РЕБЕНКУ

**В г.Приозёрск завершилась работа по Республиканской Родительской Конференции «КАЗАХСТАНСКИЕ РОДИТЕЛИ XXI ВЕКА: СТАНЬ ПРИМЕРОМ СВОЕМУ РЕБЕНКУ», подготовленной по заказу Комитета по охране прав детей Министерства образования и науки Республики Казахстан. Целью проведения конференции было оказание психолого-педагогической помощи родителям в воспитании детей разных возрастных периодов, обучение педагогически правильным взаимоотношениям родителей с детьми, привитие семейных ценностей.**

Конференцией были охвачены все классы, все возрастные категории учащихся школ. Информационные блоки о современных условиях жизни, в которых проживают наши дети очень полезны. Это: интернет и компьютерные игры, правила, как обезопасить своих детей от ненужной информации, обмана, сообществ, которые навязывает нашим детям и нам интернет.

Существуют средства контроля, позволяющие блокировать нежелательный контент (например, MNS Premium's Parental Controls). Советы, данные родителям для предотвращения у детей зависимости от компьютера очень просты, жизненны, подвижны. В них лежит простое общение с ребенком, забота о его душевном и физическом здоровье, совместное времяпрепровождение, игры, семейный досуг, активный и здоровый образ жизни, а так же личностный пример родителей. Все это относится и к семейным ценностям, так необходимым для создания и укрепления семьи ребенка. Наряду с обсуждением актуальной темы игровой и интернет зависимости у подростков, психологи рассказали родителям как распознать суицидальные наклон-ности у своих детей и вовремя принять меры, во избежание беды.

В крепкой сплоченной семье, где можно поделиться своими проблемами и найти понимание и ответы на вопросы, получить совет для выхода из трудных ситуаций, там дети растут с почитанием и уважением взрослых, соблюдением закона. Очень хорошо освещен вопрос о светском воспитании детей, профилактике внедрения деструктивных религиозных течений в школьную среду. Запрет на ношение религиозной атрибутики в школу, как необходимая мера профилактики экстремизма. Обеспечение ребенка школьной формой единого образца – социально значимая задача каждого родителя.

Главной ценностью и логичным выводом конференции явилось важность семейного благополучия для воспитания детей. Лишь семья и, в большей степени родители, вольны в укреплении семейных ценностей и уполномочены в создании достаточно питательной и поддерживающей среды для себя и подростка. При решении родителей создавать особую семейную атмосферу и при их желании делиться данным семейным ресурсом через своих детей, стоящих на пороге взрослой жизни, значительно увеличивается вклад учителей в образование будущих профессионалов и специалистов. Ресурс теплого семейного очага уникален, и крайне сложно восполним вне семьи. При направленном труде мам и пап, при их чутком отношении в непростой период переживания ребенком подросткового кризиса, учащийся способен эффективно решать жизненные задачи, принимать и поддерживать первые взрослые решения.

**Е.А. Бузулутская,**
***педагог-психолог***

*Ұрпаққа ұлағат!*

# АҚЫН ЖАЙЛЫ АҚЫН АЙТАДЫ



***(Соңы. Басы газеттің өткен санында)***

Шығармашылық психология, уақыттың тыныс-тіршілігі, алуан көріністер мен лептердің біртектілігі, тарихи-табиғи оқиғалар бірлігі ақындардың, бір-бірін қайталауына ерік-еркінен тыс әкеліп соқтырады. Мысалы, Мұқағали Макатаевтың мына бір жолдарына назар аударалықшы. Ақын «Отыз бесінші көктемім» өлеңінде:

***Отыз бес күз,***
***Отыз бес қыс,***
***Отыз бес жаз,***
***Осал өмір емес-ау,***
***отыз бес жас.***
***Отыз бес жыл өткердім,***
***Отыз бес жыл қуарып,***
***Отыз бес жыл көктедім, – десе,***
**Өмірзақ Қожамұратов:**
***Жалаңтөс кіріп тасқынға,***
***Нөсердің бұлтын ойнаттым.***
***Осынау аспан астында***
***Отыз бес рет тойлаппын.***
***Отыз бес құздың басында,***
***Отыз бес гүл-гүл жайнаппын.***
***Отыз бес қыздың қасында,***
***Отыз бес бұлбұл сайраттым.***
***Отыз бес оқты қабылдап,***
***Отыз бес оққа қарылдым.***
***Жүрегі жүрген жалындап,***
***Отыз бес,***
***Сенің арыңмын! – дейд***і. Осындағы екеуінің басынан кешкен оқиғаларының бір көрінісі, қас-қағым сәттегі көңіл-күйлерінің үйлесуі, өлең ырғағын былай қойғанда сөз сөйлемдерінің қайталануы әрі сөз саптауы адамды таң қалдырады. Мұқағалидың «Автограф», «Аққулар ұйықтағанда», «Мен басымнан қорқамын» секілді өлеңдерін оқып отырып, оның Өмірзақ Қожамұратовтың сол тақілеттес өлеңдерін бағыт-бағдарға алғанын байқауға болады. Екі ақын өлеңдеріндегі образдық және ырғақтық, кей тұстағы мазмұндас үндестігі еш ерсі емес. Өйткені, заманы, уақыты бір қос таланттың бағыт-бағдарлас болуы заңдылық. Төлеген Айбергенов жырларының да Өмірзақ өлеңдерімен астасып, қоян-қолтықтасып жатуы да сондай. Сол кездегі көзбен қарағанда енді бір жас ақын Зейнолла Тілеужанов өзінің «Лебіз» кітабында:

***Күндерді алдап өлеңмен,***
***Жылдардан жанда сыз қалды.***
***Жылату оңай болғанмен,***
***Жұбату қиын қыздарды**, – **деп толғаса,***
ақын Өмірзақ Қожамұратов:
***Аққудың көгілдіріндей,***
***Күнәдан пәк, ей, мүсін.***
***Жылатып алып біреуді,***
***Жұбату оңай деймісің, – дейді***. Осынау жолдардағы сөз қайталану арқылы бір көңіл-күйді білдіру екі ақын тарапынан да шынайы поэзия тудырған. Бұл жолдар – өмірдің өзінен ойып алынған шумақтар. Негізі ақиқат. Енді, тағы да бір мысалға жүгініп көрелікші. Көпшілігіміз өлеңін жатқа оқитын Төлеген Айбергенов:

***Сен өзімді көрсең,***
***Тұрысым осы менің.***
***Ал мендегі ғаламат сезімді көрсең,***
***Шошыр едің, – десе,***
Өмірзақ Қожамұратов:
***Білмеймін сені,***
***Мен сені,***
***Жолсерік болып тосып ем,***
***Сезімді көрсең мендегі,***
***Сен қазір, жаным, шошыр ең, – дейді.*** Осы бір төкпе жыр үлгісіне жататын шумақтар жаңа сарындағы ырғақ, дәстүр жалғастығымен мені қатты қызықтырады. Міне, бұнда да ақындар үндестігін байқайсыздар. Енді, тағы да бір ақынға жүгініп барып мысалдарымызды тоқтатсақ деп отырмыз. Кеңшілік ақын «Тобық» атты өлеңінде:

***Құдашаға мен де бір тобық бергем,***
***Сұраған соң ол дағы тауып берген.***
***– Не қалайсыз? – дегем мен үміттеніп,***
***Қалағанын айтуға қауіптенген.***
***Ән қалаған.***
***Алдарқап, алаңдауға,***
***«Құдашаны» кайырып тәмамдағам.***
***Тәмамдамай қайтейін – іңкәр дүние,***
***Оған да арман, айта алмай маған да арман,– десе,***
Өмірзақ Қожамұратов:
***Құралайдай қунақ қыз тобық берген,***
***Тобық берген сәтінен торып келген.***
***Ай, апталар түскесін арамызға,***
***Ұмытқан да шығар деп жорып келген.***
***Аяғымды келтірді-ау аспанымнан,***
***– Тілегің не? – дей бердім сасқанымнан.***
***Ән тіледі…халімді біле тұрып,***
***Қайран бола қойсын ба қашқанымнан.***
***Ән салған боп, домбыра дыңылдаттым,***
***Ән емес-ау, өзімше ыңылдаппын.***
***Құралайдай қунақ қыз құдашаны***
***«Әләулайды» айтып-ақ жымыңдаттым, – дейді***.

Бір оқиға, бір сезім легі жырға көшкенде осылай сөйлейді. Қазақы әдет-ғұрып, салт-дәстүрден өрген осынау өлеңдегі оқиға қозғалысы маған ұнайды. Бірақ, озық өлең үлгісі дей алмаймын. Ұйқастары әлсіз, жалаң, жалпы. Жоғарыдағы біз келтірген үш-төрт ақындардың бір-бірін қайталаулары неліктен? Бұл не? Бір-бірін конспектілеу ме? Әрине, жоқ. Бұл жоғарыда біз айтқан реминисценциялауға жатады. Мұндай бірін-бірі қайталаулар әдеби, шығармашылық процестерде кездесіп отырады. Өйткені, поэзия – жанды қозғалыс. Табиғаттың төрт мезгілі, уақыттың толқыма лептері қаншалықты қайталанса, өлеңнің де соншалықты қайталанып жатуы бек мүмкін. Яғни, заңдылық. Мұны реминисценциялау дейміз. Тіпті, орыс ақындарының өзі бір-бірін жиі қайталаған. Мысалы, Пушкиннің «Гений чистой красоты» деген жолы Жуковскийден алынған. Байрон «Хочу я быть ребенком вольным» десе, Есенин «Я хочу быть отроком светлым» дейді. Дәл сол жолдарды Қуандық аға Шаңғытбаев «Бала қылшы балдырған баяғыдай», Мұқағали «Сәби болғым келеді» деп қайталайды. Бұл процесс поэтикалық бастаудың көзі. Арысы үндесіп, сөз сөйлемнің алмасып, қайталануы арқылы өлең өрісі кеңейіп, ішкі иірімі байыған. Тағы бір мысал. Сабырхан Асановтың «Өмір өтіп барады, өмір өтіп» жолдарын Жарасқан Әбдірашевтен жолма-жол кездестіресің. Тұмағаң – Тұманбай Молдағалиевтің «Екі Тұмашы» мен Жарасқан Әбдірашевтің «Екі Жарасы» да дәл сондай. Анна Ахматова «И такая могучая сила» десе, Блок: «И такая влеку-щая сила»,-дейді. Некрасов: «Лес обнажился, поле опустело», - деп толғаса, Леонид Андреев: «Лес опустел, и поле обнажилось», – деп қайта-лайды. Жуковский «Последний бедный лепт»,- десе, Пушкин, Евгений Онегинде сол сөзді айнақатесіз жаңғыртып, нақ сол күйінде тілге тиек етеді. Ендеше, біз бір-бірінің жолдары мен сөздерін қайталаған ақындарды ұрлықшы немесе көшіруші демей, оларға шығармашылық үндестіктен туған бірін-бірі қайталау деп қарауымыз керек. Мұның барлығын мысалға келтіріп отырғандағым, жоғарғы аталған ақындардың барлығы да Өмірзақ Қожамұратовпен үндескен. Бұл сөзіме ешкім де намыстанбауы керек. Және оның астарынан бәле іздеп жатушылық та артықтық. Мен жоғарыда аталған ақындардың ешқайсысының беделін түсіріп, абыройын төккім келмейді. Менің сөз етіп отырғаным – таза әдеби процесс. Ал, егерде оны түсінбей, оның астарынан кімде-кім бәле қуса онда оларға алдарыңнан жарылқасын деймін де қоямын. Өйткені, өлеңдегі сауатсыздық қашанда да қай кезенде де кездескен, кездесе береді де. Бұны шегелеп, қадап, нықтап, тарата айтуымның себебі орыстың, тіпті, Қытай, Жапон прозаиктері «Біз Гогольдің «Шинельінен» шыққанбыз» дегенді ешуақытта намыс көрмеген. Және ол әлемдік әдеби айналысқа түсіп кеткелі қашшан.

Жалпы, реминисценция – құрылыс материалы сияқты, бір ақынның сөз, сөйлем, образ ырғағын пайдалану арқылы тосын да жаңа бір ой түйіп, мазмұн ашу. Өмірзақпен жоғарыдағы мен тілге тиек еткен ақындардың айырмашылықтары осы тұста. Сондықтан да, сөз бен сөйлем қайталау еш қылмыс немесе ұрлық емес. Ол үнемі қозғалыс үстіндегі жанды организм, яғни, поэзияның бір тұстарда кездейсоқ немесе заңды қайталанып үндесуі. Мысалы, Мұқағалидың «Жан азасы» реквиемі Пушкиннің «Моцарт и Сальеріймен» жолма-жолды былай қойғанда, басталған тұста-ақ деталь ұқсастығымен көңіл аударады. Реті келгенде айтайық, қазір ұмытылып бара жатқан марқұм ақын Сейсен Мұхтарұлының «Келші қарғам, маңдайыңнан иіскейін» деген өлең жолдары Мұқағалида сөзбе-сөз қайталанады, тіпті, ұйқастары да «тиіспейін» болып қайталанғанын оқығанда таң қаласың. Бұл – ақындар табиғатының үндестігі мен оқиғалардың өмірде қайталанып, әрбір ақынның басынан өтетіндігінің белгісі. Жалпы, Өмірзақ Қожамұратов – сұлулыққа құмар, табиғатпен үндескен ақын. Оның «Тау жаңбыры» деген өлеңіне назар аударалықшы:

***Тұратын ылғи ой қаптап,***
***Ақын ғой мына тау деген.***
***Найзағай – қалам ойнақтап,***
***Төсінен бұлттың сауды өлең.***
***Немесе:***
***Төбемде еркін аунаған,***
***Жел айдап, бұлтты тоздырып.***
***Күндерім үшін жаумаған,***
***Арқамды кетті-ау қоздырып.***

Осы бір жолдардан оқып отырып, табиғат пен ақын стихиясын қатар қоюға болады. Өйткені, екеуі де – Алла жаратқан құбылыс. Олардың бір-бірімен сырласуы да, үндесуі де сонда. Өмірзақ Қожамұратов лирик қана емес, үлкен ойлы ақын да. Оның қысқа қайырым өлеңдерінен бастап, «Сезім дәптеріне» дейінгі аралықтағы жырларын оқығанда оған еріксіз көз жеткізесің. Ол тағы бір өлеңінде, яғни, махаббат жырында:

***Сәуірдің желі біз күткен,***
***Сәруар гүлді желпігей,***
***Құлпырып шықты қыз біткен,***
***Қарға аунап тұрған түлкідей.***
***Қуанышыңа, қайғыңа***
***Жатпаймын әсте таласып.***
***Аспаным куә, Ай куә,***
***Тұрғандарыңа жарасып, – дейді.***
***Немесе:***
***Ағызып барады ағын,***
***Айды – алтын жұмыртқаны,***
***Қағады барабанын,***
***Бақалар ымырттағы,*** – деуіне неге таң қаламыз. Осындағы жанды суреттер мені еріксіз қайран қалдырады. Бұл өлеңде де Айбергенов ырғағы бар. Өмірзақта мұндай өлеңдер өте көп. Оның барлығын шағын мақалаға сыйғызу еш мүмкін емес. Сондықтан да, құрметті оқырман, қалған жыр-ләззатын Өмірзақ Қожамұратовтың «Сезім сәттері» кітабынан алыңыздар. Біз бағыт-бағдар беріп, жол сілтеуші ғанамыз. Мен азды-көпті Өмірзақ Қожамұратов туралы ойларымды алдарыңызға жайып салдым. Ақынның ендігі жырғдырына уақыт төреші. Жалпы, Өмірзақ Қожамұратов – өзінің атақ-даңқымен емес, тіпті, қызметімен де емес, тағдырымен ақын. Ешқандай қызмет те, атақ-дәреже де ешкімді ақын ете алмайды. Сондықтан, мектеп пен пешене ұғымы – бір-біріне қосылмайтын ұғым, түсініктер. Ақындардың бір-біріне ықпал етуі мектеп болса, ал бір-біріне ұқсамаулары – тағдыр-пешене. «Пешенесіне жазылған» деген меңзеудің де сыры сонда. Ендеше, тағдыры ақын еткен Өмірзақ Қожамұратовтың жыр кешін өткізіп отырған Қали Жолдас секілді жігіттерге үлкен рақмет айтамыз. Ақынын ұмытпау ұлтын ұлықтаумен пара-пар іс-әрекет. Ендеше, нағыз ақындарымызды жас жігіттер сияқты ұлықтай білейік, ағайын!

***P.S.*** Назарларыңызға ұсынып отырған «Талант тағдыры» мақаламыз, кезінде өмірден өткен талантты ақын Өмірзақ Қожамұратовтың «Сезім сәттері» атты жаңа шыққан кітабына байланысты тұсаукесерде жасалынған баяндама еді. Баяндама жасалып біткеннен соң Мұқағали Мақатаев пен Төлеген Айбергеновтың кейбір жанашырлары маған: «Сен ұлы ақындарымызды жыр ұрысы аттандырдың», – деп дүрсе қоя берді. Мені таңқалдыратыны – біздің әдебиетімізде өздеріндей сауатсыз адамдардың жүруі ешуақытта да поэзиямызды өсірмейтінін білмейді-ау, со шіркіндер. Тіпті, олардың әлемдік әдебиетте реминисценция деген ұғым-түсініктің барлығын білмеуі ұят-ақ. Мен егер де бүкіл дүниежүзі ақындарынан Мұқағали мен Төлеген Айбергеновтың, Өмірзақ Қожамұратовтың, Қуандық Шаңғытбаевтың, Кеңшілік Мырзабековтың, Зейнолла Тілеужанов сияқты ақындарымыздың бір-бірімен үндескеніндей жайларды мысалға келтірсем, онда бір мақала аздық етер еді. Сондықтан да, ақындардың бір-бірімен үндесулерін немесе бірін-бірі қайталауларын ұрлық емес, шынайы да, шын мағынасындағы табиғаттарының бір-біріне жақындығы ретінде қабылдау керек. Өйткені, өмірдің олардың өлеңдерінде образға оралып, бейнелі де адам түсінбейтін жағдайларда үндесуінің өзі Алланың олардың аузына сөз салуындағы бір құдіреттің нышанын көрсетсе керек. Мысалы, өмірінде тірі қазақты көрмеген орыс ақыны Осип Мандельштамның: «Божье имя, как большая птица, Вылетело из моей груди» – (1912) деуімен, 1937 жылы атылып кеткен Николай Клюев деген ақынның: «И сердце птичкой из груди, Перепорхнуло в кущи роя» – (1937) деуінің біздің тірі орысты көрді ме, көрмеді ме білмеймін. Кемпірбай ақынның: «Кеудемнен көкала үйрек қош деп ұшты, Сол шіркін, кәрі жолдас өлең білем», – деуінің аралығында не жатыр? Міне, осынау үш ақын жырының бір-бірінің сөздерін қайталап, жыр мазмұндарының үндесіп жатуларының өзінде қандай құдірет бар?!. Бұл – нағыз ақындарға берілетін ерекше қасиеттер. Оны адам емес, Алланың өзі қадағалайды, әрі нағыз ақындардың ауыздарына көзге көрінбейтін құдіреттер арқылы бірін-бірі қайталаған сөздер салады. Міне, осыны әдеби тілде реминисценция деп атайды. Ал, біздің сауатсыздарымыз болса бұдан ұлы ұрлық көреді. Қандай да ақын болмасын немесе жазушы, сыншы болмасын сауатты болмаса, әрі білімді болмаса онда өлеңді де, прозаны да, одан тіпті тереңдетіп айтсақ сыншылықты да қоюы керек. Сондықтан, әдеби ұрлықты реминисценциядан ажырата білу керек. Нағыз ақындықтың құдіреттілігі сонда. Қазір, сол бір кештегі баяндамадан соң мені ата жауы санайтындардың саны көбеймесе, кеміген жоқ. Мен оларды бар болғаны әдеби мәселеде сауатсыздардың қатарына қосып, оларға «Алла алдарыңнан жарылқасын» деген тілеу тілеймін де қоямын. Олардың арасында өздерін ақын санап, кеудесін қағып жүргендер де бар. Ал, енді поэзиядан алыс, қарапайым оқырманға өлеңнің қыр-сырын түсіну үшін «сауатты да, білімді оқырман болыңыз» деген тілек қана айтқым келеді.

**Аманхан ӘЛІМҰЛЫ,**
**«Ақиқат» журналы**

# АЯУЛЫ КҮЗ, АЛТЫН КҮЗ

«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы КМҚК-де 2018 жылдың 23-қазанында Күз мейрамына орай «Аяулы күз, алтын күз» атты мерекелік ертеңгілігі өткізілді. Мерекеде II кіші «Күншуақ» тобының бүлдіршіндері өнер көрсетті. Алтын күз мерекесінің басты мақсаты табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту; күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу болатын. Безендірілген әсем залға музыка ырғағымен балалар ортаға кірді. Балалар Алтын күз мерекесіне арналған тақпақтарын айтып, бүлдіршіндеріміз «Жапы-



рақтар, Тамшылар және Саңырауқұлақтар» биін биледі. Балалар «Жапырақтарды жинау» және «Күн мен жаңбыр» ойынын ойнады. Балалар күз мерекесіне арналған ойындарымызды қызыға, тартыса

*Мерекелік ертеңгілік*



ойнап, жиналған көпшілікке көтеріңкі көңіл–күй сыйлады. Мерекенің соңында қонаққа келген Күз ханшайымы балаларға күздің сыйы - жемістерді сыйға тарты. Өткізілген ертеңгілігіміз балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлай отырып, өз мақсатына жетті деген сенімдемін.

**Ж.С. Косбармакова,**
**А.Ч. Месерова,**
***«Балақай» бөбекжайының тәрбиешілері***

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16**
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных
***
**“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53**
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр ап-таның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53**
График приема граждан:
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі » мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45**
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов
***
**“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57**
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48**

**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**
***
**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов
***
**“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейн

**Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92**
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**
График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**
Бөлімнің басшысы азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.
***
**“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

**Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87**
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

*Бейімдеу жұмыстары жүргізілуде*

# МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Еліміздің Конституциясында мүгедектерге қоғаммен етене араласу үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқығы тайға таңба басқандай белгіленген. Ол туралы мемлекет басшысы өз Жолдауында нықтап көрсеткен. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі жандарға барынша көңіл бөлініп келеді. Олардың әлеуметтік жағдайын жасаудан бастап күнделікті қажеттерін өтеуі үшін көмек көрсетілуде.**



Осыған сәйкес, Приозерск қаласы бойынша инфрақұрылым объектілеріне мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен мәдениет, спорт, денсаулық сақтау, білім беру, шағын және орта бизнес нысандарын бейімдеу жұмыстары жүргізілуде.

2012-2018 жылдар аралығында мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған кедергісіз орта құру бойынша жоспар-кестесі негізінде, біздің қаламызда 51 әлеуметтік инфрақұрылым нысанына түгендеу (паспорттау) өткізілді. 51 паспорталған нысанның 39 нысан бейімделген, оның ішінде 20 нысанды бейімдеу 2018 жылға жоспарланды, бүгінгі таңда 18 нысан бейімделді. Алдағы уақытта мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін барлық қолайлы жағдайларды жасап, олар үшін кедергісіз орта қалыптастыру бойынша толық жұмыстар жүргізілетін болады.

Тиісті объектілерде мүгедектер үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етпеу, әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғатындығын қаперлеріңізге саламыз:

-лауазымды тұлғаларға 50 АЕК мөлшерінде (111 450 теңге),

-шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 120 АЕК мөлшерінде (272 280 теңге),

-орта кәсіпкерлік субъектілеріне 200 АЕК мөлшерінде (453 800 теңге),

-ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 400 АЕК (907 600 теңге) мөлшерінде айыппұл төлеуге әкеп соқтырады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін тиісті нысандарға қолжетімділікті қамтамасыз ету – бұл біздің алдымызда тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады.

**«Приозерск қаласының қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ**


## О Б Ъ Я В Л Е Н И Е

**Заслуженный народный целитель РК**
**Жиенбаев Аманжол Кожахметулы**
**исцеляет остеохондроз, сколиоз 1 и 2 стадий, простатит, аденома, бесплодие женщин, псориаз. экзема и др. болезни. Принимает по адресу: ул.Достык, 31, гостиница «Гранит», тел. 87071987127, 87771343077**

## НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

**открыто после смерти Мусатаева Менгали Сембаевича, умершего 14 октября 2017 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу; г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел.87751627005**

## ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**
**Выходной - Понедельник**

**Запись по телефону: мастера-парикмахеры 8-775-274-25-87 8-747-970-25-81**
**На маникюр и педикюр 8-708-235-3519**






**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО “Арко” г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 43/583. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**


*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*